

74.58(257K-4K3)

Д-16

# Данаабық дариаясы



Қызылорда, 2004

РМ

74.58 (257K-4K3)

А-16

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрлігі



М. Кереев

Қызылорда 2014

74.58(257K-4K3)

21

А-16

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрлігі

Қорқыт Ата атындағы  
Қызылорда мемлекеттік университеті

# ДАНАЛЫҚ ДАРИЯСЫ

КХ

Адырбектев,  
Икрамиға!

ізгі ниетпен жүзін  
керсе

2011-2011

**Кригоуранение**

Қызылорда-2004


УДК 82-94 (574.54)

Даналық дариясы. - Қызылорда: ҚМУ — 2004 жыл.  
201 б.

Редакциялық алқа: Айдосов А., Аңсатова М.Н., Әбілов А.,  
Бегімқұлова Ш.А., Қараманова М.С., Мусабаева А.Н.,  
Оразбақов А.Ж., Тайманов С.Т.

Бұл кітапта Сыр өңірінің сырға толы тарихын зерттеуде ерен еңбек еткен Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің профессоры Кереев Мәди Құрманұлының өмір жолы туралы замандастары, әріптестері, шәкірттерінің ой-пікірлері және 75 жасқа толып отырған мерейтой иесінің өз қаламынан шыққан бірнеше еңбектері келтіріліп отыр.

Көпшілік оқырман қауымға арналған.



© Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, 2004 жыл

## Ө М І Р Д Е Р Е К

Қазақстанның іргелі жоғары оқу орындарының бірі - Қорқыт Ата атындағы Қызылорда Мемлекеттік Университетінің ұлағатты ұстазы, белгілі тарихшы Кереев Мәди Құрманұлы 75 жасқа толды. Ол 1929 жылы Орал облысы, Тайпақ ауданында N 3 ауылда дүниеге келді. Әкесі Құрман Керейұлы қарапайым шаруадан шыққан. 1931 жылғы ашаршылықта Алматыға көшіп келіп, алғашында ат айдаушы, кейін аула тазалаушы, ал 1939 жылдан аяқ-киім фабрикасында етікші болып жұмыс істеді. 1944 жылы ұзақ науқастан кейін дүниеден өтеді. Шешесі Балқия үй шаруасымен айналысып 5 бала тәрбиелеп өсіріп 1962 жылы дүние салды. Үлкені Қанапия 1942 -53 жылдары армия қатарында болып, Батыс Украина жерінде әскери қызмет атқарып, 1952 жылы демобилизацияланғаннан кейін жоғарғы білім алып ұзақ жылдар мұғалімдік жұмыс атқарды. Інісі және қарындасы Алматыда білім алып, отбасылы болып түрлі жұмыстармен еліне еңбегін сіңіріп, үбірлі-шүбірлі болып еңбек демалысына шықты.

Інісі Саид Құрманұлы подполковник дәрежесінде Ауған соғысына қатысып, орден-медальдармен марапатталды. Қарындасынан өрбіген 5 жиені Алматы, Талдықорған облыстарында тұрады.

Мәди Құрманұлы 1935 жылы 6 жасында Алматы қаласында N18 Жамбыл Жабаяев атындағы мектептің 1-ші сыныбына қабылданды. 1944 жылы 9-шы сыныпты бітірген соң 3 айлық дайындық бөлімін тәмамдап Абай атындағы Қазақ Мемлекеттік Педагогикалық мұғалімдік институтының тарих факультетіне түсіп, оны 1948 жылы бітірді. 1948 жылдан Мәди Құрманұлының ұстаздық қызметінің алғашқы соқпағы басталады. Ол Қазақстанның ағарту министрлігінің жолдамасымен Қызылордадағы педагогикалық институтына келеді. Міне, содан бері табан аудармастан 55 жылдан астам ұстаздық қызметін атқаруда. Арасында 1959-1964 жж. Облыстық партия комитетінде лекторлар тобының жетекшісі, мектептер бөлімінің меңгерушісі, өлкенің құрылуына байланысты Қызылорда ауылшаруашылық облысы болып қалыптасқан кезде облыстық партия комитетінің жанынан өндірісті және ауылшаруашылығын басқаратын және партия комитеті құрылды. Осы комитеттің хатшысы болып жұмыс істеді. Бұл практикалық шаруашылықты басқару жұмысы қиындығымен күрделі мәселелерді шешу жұмыстары халықпен байланыс тәжірибесін ұлғайтты. Облыстық басқару аппаратындағы кадрлардың жұмысын бағалауда, нақтылы шешімдер қабылдануда күрделі мәселелерді тиімді

шешуге үйретті. Алыс аймақтардағы ауыл, совхоздарды аралап, халықпен етене танысып, олардың әлеуметтік-экономикалық және мәдени мәселелерін шешуге үйретті. 1964 жылдың күзінде бұл әкімгершілік жүйе өзгеріп бұрынғы қалпына келтірілді. Ол басқарған партия комитеті қысқартылды. Қайтадан мұғалімдік жұмысына ауысуына тура келді. Бес жылдан аса басқару жұмыс кезінде қалада қамыс, қағаз-картон заводы және басқа кәсіпорындар салынды. Әсіресе ет комбинатының жұмысы жолға қойылды. Бұл шараларды іс жүзіне асыруда кадрлар дайындау олардың мамандық білімін жетілдіру мәселелері де жан-жақты жұмыстарды шешуді керек етті. Білім мен нақтылы жұмысты ұштастыру оның іс-тәжірибесін молайтты. Шаруашылық жұмыстарына басшылық етумен қатар ұстаздық жұмысынан да қол үзген жоқ. 1964 жылдың аяғында институтқа оралып, ұстаздық жұмысын жалғастырды.

1965-70 жж. арасында "СОКП тарихы" мен ғылыми коммунизм кафедрасының аға оқытушысы болып қоғамдық жұмыстарға белсене араласты.

1954-90 жылдардың арасында іс-тәжірибесінің және білімнің жан-жақты шындалуына байланысты облыстық мекемелермен, қалалық өндіріс орындарының басшыларының саяси білімін жетілдіретін кешкі "Марксизм-ленинизм" университетінде кафедра меңгерушісі болып саяси сабақтар жүргізіп, халықаралық шолулар жасап отырды.

Мәди Құрманұлы облыстық партия комитеті атынан теориялық конференциялар өткізуге халықаралық жағдайлар туралы лекциялар оқуға, аудандарда үгіт насихат жұмысын жүргізуге жиі жіберіліп отырды. Оған негіз болған 1960-80 жж. Алматы, Киев, Москва, Ленинград университеттерінің жанындағы білімін жетілдіру курстарында оқығандығы, дәріс берумен қатар қоғамдық жұмыстарды тиянақты атқарып беделді, жан-жақты сауатты лектор аталуына байланысты облыс, республика және одақтық дәрежедегі түрліше марапаттауларға ие болғандығы.

Мәди Құрманұлы 1954 жылдан бастап СОКП партиясының қалалық, облыстық партия комитеттерінің мүшесі, 10 жылдан астам Қазақстан орталық комитетінің штаттан тыс, лекторы ретінде есепте тұрды. Өзінің теориялық білімі педагогикалық шеберлік деңгейін үнемі көтере отырып, ұзақ жылдар бойы Қызылорда облысының тарихын зерттеді. Соның нәтижесінде 1970 жылы Қазақстан Ғылым Академиясының Тарих, Археология және Этнология институтында "Қазақстандағы Суармалы егін

шаруашылығының даму тарихы" деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады.

Профессор Мәди Құрманұлы 50 жылдан астам уақыт Қызылорда облысының тарихын зерттеумен айналысып келеді.

Ол Қызылорданың 180 жылдық мерейтойына арналған "Сырдың ару қаласы", өлке тарихына байланысты жазылған "Сыр өңірі тарихы", "Қызылорда", "Өнегелі өмір, өшпейтін рух" атты кітаптардың авторы. 1981 жылы "Асу да, асу бел еді" мақаласы үшін "Білім және еңбек" журналының лауреаты атанды.

Кереев М.Қ. 40-тан аса халықаралық, одақтық, республикалық ғылыми-теориялық конференцияларға қатысып, мазмұнды баяндамалар жасады. Институттың ғылыми жұмыстар жөніндегі проректоры қызметін атқарған уақытында, ол жоғары оқу орнының ғылыми-зерттеу жұмыстарының дәрежесін көтеруге, кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғауға, доцент, профессор деген атақтар алуға басшылық етті. Москва, Санкт-Петербург, Киев, Новосибирск, Ташкенттің ғылыми орталықтарымен өзара байланыс жасап оқытушылардың білім жетілдіру сапасын арттырды.

Қаланың әлеуметтік мәдени белсене белсене араласып нәтижелі жұмыс жасағандығы үшін, 1999 жылы Қызылорда қалалық маслихатының XXV сессиясының шешімімен Кереев Мәди Құрманұлына "Қызылорда қаласының құрметті азаматы" атағы берілді.

Мәди Құрманұлы қорқыттанушылар мектебінің негізін қалаушылардың бірі, Қорқыт мұраларын оқып үйренуге арналған арнаулы курстың авторы, ғылыми және қоғамдық қызметте сіңірген еңбегі үшін "КСРО халық ағарту ісінің үздігі", "ҚР білім беру ісінің үздігі" белгілерімен, "Құрмет белгісі" орденімен және "Астана" медалімен марапатталды.

Мәди Құрманұлы өнегелі отбасы иесі, жұбайы Кереева Валентина Павловна қаладағы №3 мектеп-гимназиясында 40 жылға жуық ұстаздық қызмет атқарып, 1997 жылы дүниеден озды. Қызы Әлия білікті дәрігер, немерелері Айгүл, Дана жоғары білімді мамандар. Елжас, Әділхан, Әсел атты шөберелері өсіп келеді.

Бүгінде Сыр елінің ардақты азаматы, ұлағатты ұстаз, көрнекті ғалым Мәди Құрманұлы Кереев ХХІ ғасырдың ұрпағына білім мен тәрбие беру ісіне елеулі үлесін қосуда.

**Ғылыми зерттеу еңбектері мен баспадан шыққан кітаптары  
брошюлары және мақалалары.**

1. "Перовская большевистская организация" (из истории борьбы трудящихся области за установления и упрочения Советской власти) М.Кереев г.Кызыл-Орда. 1957г
2. "Перовск большевиктік ұйымы" (Облыс еңбекшілерінің Совет өкіметін орнату және оны нығайту жолындағы күресінің тарихынан) Қызылорда қаласы, 1957ж.
3. "Советтік Қазақстанның мәдениеті 40 жыл ішінде" М.Кереев "Үгітші блокноты" №7 июль 1957 ж. (Облыстық газеттер баспасы Қызылорда).
4. "Қызылорда облысы комсомол ұйымының тарихынан" М.Кереев.Қызылорда қаласы, 1958ж.
5. "Ученые записки" том IV. М.Кереев.Кзыл-Орда. 1958г.
6. "Город на Сыр-Дарье" (к 150-летию г.Кзыл-Орды) М.Кереев. Издательство "Казахстан" Алма-Ата, 1968г.
7. "Қызылорда" (Қызылорданың 150 жылдығына) М.Кереев. "Қазақстан" баспасы. Алматы, 1968ж.
8. Деятельность коммунистической партии Казахстана по развитию орошаемого земледелия в Республике (1959-1965г./570. История Коммунистической партии Советского Союза/ Автореферат. Алма-Ата, 1970 г.
9. Қызылорда облысы" /Ұсынылатын әдебиеттер көрсеткіші/ М.Кереев. Қызылорда қаласы, 1974ж.
10. "Октябрем пробужденный край"/ Справочный материал М.Кереев г.Кзыл-Орда, август.1980г.
11. 12."Борцы за счастье народа" М.Кереев. г.Кзыл-Орда. 1983г.
12. 13."Отважные дела Ленинского комсомола Кзыл-Орда, 1983г.
13. 14."Біздің қаланың көшелері"/Қызылорда қаласына 180 жыл/ "Бастау" баспасы. Алматы, 1997 М.Кереев бұл кітаптың алғы сөзін жазды.
14. 15."Сырдың ару қаласы" М.Кереев, Б.Досманбетов "Нұр-Сәулет" баспасы Қызылорда, 1998ж.
15. 16."Сырдың өңірі тарихы" Авторлар тобымен бірге жазған кітабы. "Атамұра" баспасы, 1998ж.



**Одақтық және республикалық  
журналдарда жарияланған мақалалары**

1. М.Кереев "О деятельности Коммунистической партии Казахстана по развитию орошаемого земледелия" Қазақ ССР Ғылым Академиясының хабарлары. Издательство "Наука" Казахской ССР. Алма-Ата 1970г.
2. М.Кереев "Тың жорығында шындалған достық" "Қазақстан Коммунисті" N 8 август. 1974ж.
3. М.Кереев "Асу да асу бел еді" "Білім және еңбек" N9 қыркүйек 1981ж.
4. "Білім және еңбек" журналының 1981 жылы желтоқсан айындағы N12 санында журналдың лауреаты атанып сыйлық алды. Лауреаттыққа Қызылорда пединститутының доценті Мәди Кереевті " Асу да асу бел еді" мақаласы үшін және Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтында өткен базалық ғылыми конференциясын ұйымдастыруда белсенділік көрсеткені үшін ұсынылды.

**Республикалық және облыстық басылымдарда  
жарияланған мақалалары**

1. " Ақмешіт" Ленин жолы. N132 /8918/ 6 июль 1957ж.
2. "Перовск" Ленин жолы N136 /8922/ 12 июль 1957ж.
3. "Қызылорда" М.Кереев Ленин жолы. N155 /8941/ 7 август 1957ж.
4. "За светлую молодость" М.Кереев. "Путь Ленина", 3 июня 1982г.
5. /Документы и материалы/ "Оформление местных парторганизаций Кзыл-Ординской области" "Путь Ленина" 19 июня 1961г.
6. "Борьба за установление и упрочение Советской власти на территории Кзыл-Ординской обл./1917-18г/ М.Кереев "Путь Ленина" 15 ноябрь 1998г.
7. Облыстық шаруашылыққа өткен теориялық конференция қорытындысы бойынша "Су-өмір өзегі" М.Кереев Ленин жолы" 12 март 1967ж.
8. "Книга о нашей области " М.Кереев "Путь Ленина " 1 март 1961г.
9. "Экономическое образование центре внимания " "Путь Ленина" М.Кереев 15 октябрь 1960г.
10. "Еңбекшілердің экономикалық оқуына ерекше көңіл бөлінсін" М.Кереев "Ленин жолы" 15 октябрь 1960.

11. "Болгар Халық Республикасының 15 жылдығы" М.Кереев "Ленин жолы" 9 сентябрь 1969ж.
12. "Первая парторганизация в Казахстане" М.Кереев "Казахстанская правда 17 октябрь 1957г.
13. "Орыстың ұлы қолбасшысы Кутузов" М.Кереев "Ленин жолы" N187/3587/17 сентябрь 1950ж.
14. "К 40-летию декрета совнаркома об организации Красной Армии" М.Кереев. "Ленин жолы".
15. "Облыс комсомолының құрылуы және өсу тарихынан" М.Кереев. "Ленин жолы".
16. "Даньшпан көсемнің Қызылорда облысы еңбекшілерімен байланысы" /В.И.Лениннің туғанына 100 жыл толуы қарсаңында М.Кереев. "Ленин жолы" 13.02.1966ж.
17. "Партияның XII съезі /съездің ашылуына 30 жыл толуына /М. Кереев "Ленин жолы" N 80. 19 апрель, 1953ж.
18. "Из истории комсомольских организаций Кызыл-Ординской области" /1919-1926гг./ "Путь Ленина" N215 29 октября 1958г.
19. "Пролетариаттың революциялық пратиясының бастамасы", Ленин жолы"22 ноябрь 1665.
20. "В Бореньях силы набирая" М.Кереев "Путь Ленина 15 август. 1970г.
21. "Бронепоездна запасный путь" М.Кереев "Путь Ленина" N 244/6981/ 13 декабря 1966г.
22. "Наш Ильич М.Кереев "Путь Ленина" 31 декабря 1965г.
23. "Коммунистік қозғалыстың бірлігі жолында" М.Кереев. /Коминтерннің Y-конгресіне 50 жыл/ "Ленин жолы" 17 июнь 1974ж.
24. "У истоков Ленинской пратии" М.Кереев "Путь ленина" 29.06.78г.
25. " С именем вождя" М.Кереев "Путь Ленина" 4 октября. 1960г.
26. "Қызылорда облысындағы комсомол ұйымдары" М.Кереев "Ленин жолы" /1919-25/ N 179.10 сентябрь 1958ж.
27. "Исторические века" М.Кереев . "Путь Ленина" 4 октября. 1960г.
28. Представитель Индии в Казалинске " М.Кереев " Ленинский путь" 26 июня 1960.
29. "Монғол-совет достығы мәңгілік және бұлжымайды" М.Кереев "Ленин жолы" 7 август 1960ж.
30. "Начало рабочего движения и распространение марксизма в Россий" М.Кереев. "Путь Ленина" 26 октября 1965г.
31. "Первая Всеказахстанская партийная конференция" М.Кереев "Путь Ленина" 18 июня 1961г.

32. "Мызғымас достық" М.Кереев "Ленин жолы" 24 сентябрь 1962ж.
33. "Дружба советского и монгольского народов вечна и нерушима", "Путь Ленина" N 216.2 ноября 1962г.
34. "Экономическое образование в центре внимания" М.Кереев "Путь Ленина" 15 октября 1960.
35. "Партияның УП съезі /РК/б/-ң УП съезінің 40 жылдығына /М.Кереев "Ленин жолы" N47. 7 март 1958ж.
36. "Международный день студентов" М.Кереев. "Путь Ленина" N226./4922/ 17 ноября 1956г.
37. "Большевиктік "Звезда газеті /Бірінші номерінің шығуына 40 жыл толуына/ М.Кереев "Ленин жолы " N258/3658/1950ж 29 декабрь.
38. "Венгр халық Республикасының 15 жылдық мерекесі" М.Кереев "Ленин жолы" М.Кереев 5 апрель 1960ж.
39. "Город на Сырдарье" 6 октября 1988г. "Путь Ленина".
40. "Жаңа тарихымыздағы зерттеулерімізде қандай ерекшеліктер бар? –деп санаймыз "М.Кереев "Тіршілік" 25 шілде 1988ж.
41. "Түркістан өлкесіндегі су жүйелерін зерттеу тәжірибесінен" М.Кереев "Тіршілік " 11 шілде. 20 маусым, 13 маусым, 6 маусым, 9 мамыр 1998ж.
42. "Қанішер Гержодтың қолжазбасы не дейді?" М.Кереев 26 наурыз, 23 сәуір, 7 мамыр, 4 маусым 1998ж. Күн мен түн апталығы.
43. "В глубину веков" М.Кереев. Книга "Кзылорда-южный центр нефтегазового комплекса Казахстана". Н.К.Надиров. Кызылорда.1999г.
44. "История региона" М.Кереев. "Аль-Пари" экономический журнал , N3.2001г.
45. "Қорқыттану пәнін оқытудың кейбір мәселелері" М.К.Кереев. ҚМУ хабаршысы N 3.1999.
46. "Сыр бойындағы Қорқыт ескерткіштерін зерттеушілер" М.К.Кереев. "Түркі дүниесінің кемеңгер ойшылы" Қорқыт және түркі әлемі" Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалы. 1998ж. "Тұмар " баспасы Қызылорда.
47. "Жалаңтөс - тарихи тұлға" /1576-1656жж/ М.К.Кереев. Қ.Р. Тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған "Жалаңтөс баһадүр және орта ғасырдағы қазақ мемлекеттігі республикалық ғылыми-теориялық конференция жинағында. Қызылорда.2001ж.

**Республикалық корей тілінде шығатын "Ленин Кичи" газетіндегі жарияланған Қазақстан тарихы жөніндегі мақалаларының мерзімдері**

1. 1974ж. 6 июль
2. 1964ж. 15 апрель
3. 1973ж. 6 январь
4. 1914ж.19 март
5. 1973ж.19 апрель
6. 1957ж.26 октябрь

**Мәди Құрманұлы Кереевтің еңбек жолында марапатталған белгілері.**

**1.Ордендер.**

1978 ж. 27 маусымдағы СССР Жоғары Кеңесі Президумының "Құрмет белгісі" Ордені

**2.Медальдер.**

а/ Қызылорда қалалық халық депутаттары Кеңесінің 1970ж. 10 сәуірдегі шешімімен В.И.Лениннің 100 жылдығына орай "Қажырлы еңбегі үшін" медалі;

б/"Көпжылдық, жемісті еңбегі үшін" облыстық партия комитетінің медалімен;

в/КСРО Жоғары Кеңесі Президиумы атынан Қызылорда Облыстық Халық депутаттары Кеңесі Атқару Комитетінің 1988 ж. 29 қазанындағы шешімімен "Еңбек ардагері" медалі.

**3.Құрмет қағазы.**

А/ БЛЖКО ОК тарапынан БЛКЖО –ның 60 жылдығына орай және комсомол алдындағы қызметі үшін;

ә/БЛКЖО ОК тарапынан БЛКЖО-ның 50 жылдығына орай;

б/ БЛКЖО ОК-ң 1981 ж. 25 мамырдағы шешімімен жастарды коммунистік рухта тәрбиелеудегі көпжылдық және жемісті еңбегі үшін;

в/Бүкілодақтық "Білім" қоғамы тарапынан 1988 ж. 11 ақпандағы шешімімен ұйымдастырушылық және оқу-насихат жұмыстарына белсене қатысқаны үшін" мақтау қағазымен;

г/Қазақстан компартиясы ОК тарапынан маркстік-лениндік теорияны насихаттау және еңбекшілерді коммунистік тәрбиелеудегі белсенді, әрі жемісті еңбегі үшін. 26 ақпан 1968ж.

д/ 1968ж. 23 желтоқсандағы Қаз.ССР Жоғары Кеңесі Президиумының бұйрығымен Қызылорда қаласының 150 жылдығына орай шаруашылық және мәдени салада қол жеткен табыстары үшін;

е/В.И.Ленин атындағы пионер ұйымының Қазақстан Республикалық Кеңесі тарапынан В.И.Ленин атындағы Бүкілодақтық пионер ұйымының 50 жылдығына орай.

ж/ 1975ж. 5 маусымдағы Қаз.ССР Халық-ағарту Министрлігі, Республикалық жоғарғы мектеп және ғылыми мекемелер кәсіподақ Комитетінің шешімімен жасөспірімдерді коммунистік тәрбиеге баулу жұмыстарындағы қол жеткен табыстары үшін;

з/Қазақстан ЛКЖО ОК-ті тарапынан Қазақстан ЛКЖО -ның 50 жылдығына орай комсомол саласындағы көпжылдық еңбегі үшін;

и/ 1977ж. 20 қазанындағы Қазақстан ЛКЖО ОК-ті шешімімен Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтының 40 жылдығына орай студент жастарға коммунистік жемісті еңбегі үшін;

й/Қазақстан Компартиясының Қызылорда облысы Комитетінің шешімімен еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбиелеу және марксизм-ленинизм ілімін насихаттауда жүргізген белсенді жұмыстары үшін;

е/Еңбекші депутаттардың облыстық Кеңесінің атқару Комитетінің шешімімен қоғамдық жұмыстарға белсене қатысқаны, педагог-мамандарды даярлаудағы қажырлы еңбегі үшін және туылғанына 50 жыл толуына орай марапатталды;

л/1979ж. 7 желтоқсандағы Қазақстан ЛКЖО Қызылорда облыстық Комитетінің шешімімен жастарды коммунистік рухта тәрбиелеудегі еңбегі және БЛКЖО-ның 60 жылдығына арналған облыстық ғылыми-тәжірибелік конференцияларға белсене қатысқаны үшін.

## 5. Значоктар.

А/"В.И.Ленин есіміне 50 жыл " БЛКЖО. Орталық комитетінің белгісі.

Б/"Еңбектегі белсенділігі үшін " Бүкілодақтық "Білім" қоғамының белгісі. 29 шілде 1976ж.

В/"Еңбектегі үздік жетістігі үшін кеуде белгісімен, СССР Жоғарғы және арнаулы орта білім министрлігінің және кәсіподақ орталық комитетінің төрағасының қаулысымен.

Г/Қазақ ССР халық ағарту ісінің үздігі" кеуде белгісімен Қаз.ССР халық ағарту министрлігінің қаулысымен 22 қыркүйек 1976ж.

Д/"Қазақ ССР халық ағарту ісінің үздігі" кеуде белгісімен Қаз.ССР халық ағарту министрлігінің қаулысымен 12 қыркүйек 1979ж.

Е/"КСРО халық ағарту ісінің үздігі" белгісімен 23 желтоқсан 1987ж.


#### 5. Дипломдар.

а/ "Халықтардың күш қуаты Россиямен бірлікте" атты Республикалық конкурсының жеңімпазы ретінде дипломмен марапатталып, "Білім және еңбек" журналының 1981 жылғы лауреаты атанды.

Б/КСРО құрылғанына 60 жылдығына байланысты болған Социалистік жарыстың жеңімпазы ретінде Қазақстан Компартиясы облыстық комитетінің, облсовпрофтың және Қазақстан ЛКЖО облыстық комитетінің дипломымен марапатталды.

Мәди Құрманұлы Кереев

# ТАРИХҚА ТАҒЫМ



## Сыр өңірінің Қазақстан тарихынан алатын орны

Қазақ елі өзінің 5 мың жылдық тарихында Еуроазиялық құрлықтардағы оқиғалардың барлығын басынан кешті. Қазір дербес мемлекет ретінде 3 мың жылдықтың пердесін ашып отырмыз. Жарқын болашаққа арналған 2030 стратегиялық жоспарымыз бар. 1998 жылдан бастап біз осы стратегиямызды іс жүзіне асыруға кірістік.,жыл басынан бастап Президентіміздің, Үкіметтің, Парламенттің облыстық әкімгершіліктің жұмыстары осы мақсатты іс жүзіне асыруға арналған. 10 жылдықтың қорытындысын шығарып, келешегімізді белгілеп отырмыз. Ал, ұлттық тарихымызды зерделеу-халықтық арымыз. Ата мекеніміздің ұлан-ғайыр кеңдігінен, табиғатымыздың асқан сұлулығымен, жер қойнауының байлығы өсерінен ғасырлар бойы қалыптасқан қазақы дарқандық пен қонақжайлылық, адамға деген ерекше ілтипат пен мейірімділік, жойқын соғыс пен қырғынға ұшыраудың салдарынан тырнақтап жинаған рухани дүниені келер ұрпаққа жеткізу ниетінен туындалған- асқан балажандылық, ғасырлар бойы мал шаруашылығымен айналысудан қалыптасқан малжандылық<sup>2</sup>, еш уақытта басқаның жеріне көз алартпаған бейбітшілік, өзі келіп ұрынған жаудың қабырғасын қаусатқан- ерен батырлық, "мың өліп, мың тірілген" кездердегі асқан шыдамдылық пен төзімділік- ұлттық мінездеріміздің тамаша беттері, халқымыздың ерекше қадірлейтін ұлттық мақтанышы. Бұл қасиеттердің барлығы тарихи болмыс. Оның өткенін зерттеу, қазіргісін жалғастыру, келешегін болжау заман тілегі. Биылғы жылы- облыстың 60 жылдығы мен қаламыздың 180 жылдық мерей тойлары.

Міне, осы тұрғыдан Қазақстан тарихынан Сыр өңірінің алатын орнын айқындап, халықты, әсіресе жастарды стратегиялық жоспарымызды орындауға жұмылдыруымыз керек.

Сыр өңірі мен Арал аймағы қазақтың қара шаңырағы болған аймақтардың бірі. Оған дәлелдер:

1.Тас дәуірінің іздері жатыр.

2.Сақ, ғұн, қаңлы тайпаларының із- мекендері баршылық

3.Сыр жағасында көне қала –мекендердің орындары көптеп кездеседі.

4.Алғашқы қолөнердің дамуының өріс алуы осы аймақтан бастама алса керек. оны дәлелдейтін археологиялық деректер жеткілікті.

5.Ертедегі отырықшылық пен көшпенділердің түйіскен жері де осы аймақ.

6."Ұлы Жібек Жолының" батыс пен терістікке шығатын тоғыз жолдың торабы болған мекендері де осында.



7. Жаугершілік жағдайында шалқыншыларға қарсы күресте Сырдың суы, қалың тоғайы қорған-тосқауыл болған жер.

8. Алғашқы тайпалық бірлестіктердің ерте феодалдық мемлекеттердің, хандықтардың орталығы болған жер.

9. Бұл өңір мұсылман дінінің Қазақстан мен басқа елдерге тараған жері. Діни-рухани орталығы болған жер.

10. Моңғолдарға, жоңғарларға, Хиуа, Бұқар, Қокан басқыншыларына қарсы күресте ерекше орын алған аймақ.

11. XX ғ. Қазақстанның орталығы болған Қызылорда-Сырдың негізгі қалаларының бірі.

Ең негізгісі- Сыр өңірі қазақтың шоғарланған жері. Бұл аймақ салт-сананың, әдет-ғұрыптың, ойын-сауықтың, діни дәстүрдің қазаққа тән мұраларының сақталған жері. Қылқобыз отаны. Сыр елі- жыр елі. Осылардың бәрін қысқаша дәлелдейік. Алғашқы қауымдық қоғамның іздері облыс жерінде баршылық. 1984 ж наурыз айында жасалған мемлекеттік рейстерде Қызылорда облысының 14 археологиялық тарихи мекентұрақ тіркелген. Олардың біразы неолит (жаңа тас), қола, ерте темір дәуірлері мен тайпалық одақтардың мұрасы.

Арал теңізінің астынан шыққан қала (2001 ж) экспедиция Арал ауданында.

Неолит және қола дәуірінің ескерткіштерінен 25 мекен-тұрақ орындары бар. Жартысынан көбі зерттелмеген. Олардың көнелері б.э.б. IV-II мыңыншы жылдарға жатады.

Қазалы ауданында.

12 археологиялық мәні бар ескерткіш орындар бар. Олардың ең көнесі жалпақ I, II, III, IV дегендер. Олар Қазалының оңтүстік-батысында 20 шақырымдай жерде. Археолог ғалымдар оларды неолит дәуірінің ескерткіш-тұрағы (стоянка) дейді.

Қазалы жерінде Жанкент (Янгикент), Хора (Жувары) т.б. мекендер бар.

Қармақшы жерінде 50-ден астам көне мекен ескерткіштер анықталды. Олар асарлар, қалалар, бекініс-қамалдар, молалар, мазар-мавзолейлер, қарауыл мұнаралары, т.б. тарихи ескерткіштер. Шамамен б.д.д. II мыңыншы жылдың ортасынан б.д. XVIII-XIX ғғ. камтиды. 3 мың жылдан астам тарихи кезеңдердің куәсі, тарихи мұрасы.

Қорқыт ата кесенесі Жеті-асар, Алтын-асар, Алты-асар, Шірік-рабат, Альп-қала, Тоғысқан, Сырлытам қала, Бестам қала т.б. айтуға болады.

Жалағаш, Тереңөзек, Сырдария, Шиелі және Жаңақорған жерлерінде 69 археологиялық және архитектуралық ескерткіштер

бар. Олардың ішінде: Жаңақала, Рабат-хытан қала, Күнқала, Құмқала, Жент, Сырлытам, Қышқала (Томарөткел), Оқшы-Ата, Ордакент, Сунақ Ата, Сығанақ, Көк-кесене т.б. жазылып айтылып жүр. Бірақ көпшілігі зерттелмеген. Орны жоғалып бара жатыр. Археологиялық зерттеулер жеткіліксіз.

Алғашқы археологиялық зерттеулер ХІХ ғ басталды. Бірақ өте аз, бірен-саран болды. Мысалға:

1. 1867 ж археологиялық комиссияның шешімімен П.И. Лерх Түркістан өлкесін зерттеуге шықты. Ол Сығанақ, Сауранды көріп, Жанкентте қазба жұмыстарын жүргізді<sup>1</sup>.

2. Суретші В.В. Верещагин болып эскиз жасаған аздап қазба жұмыстарына да қатынасқан<sup>2</sup>. Ол Ақмешітте болып, "Церковь форта Перский", "Форт Перовск" көріністерінің суретін салған.

3. Калаур Сығанақты зерттеп мәліметтер қалдырған.

4. Әубәкір Дивасев 1888 ж Қорқыт мазарын зерттеп, оны суретке түсірткен. ХХ ғ 30-40-50-60 жж зерттеулер болды, бірақ толық, жүйелі емес. Көне заман деректері негізінде жазба деректерге сүйеніп, зерттейміз.

Сыр өңіріндегі тайпалық одақтардың тарихы қола дәуірінен бастама алады. Б.д.д. ІІ мың жылдықтан бастап малшылық, егіншілік кәсіптері қалыптасып, металды пайдалану орын алған.

Сыр бойы мен Арал маңындағы скиф, сақ, ғұн, қаңлы тайпаларының мәліметтер баршылық. Олардың өмірі, кәсібі, байлығы туралы тарихи деректер Қытай, Парсы, грек, Рим мәліметтерінде кездеседі. Сырдың сулы-нулы жері, мал байлығы мен кен байлығы, өмір салты басқа аймақтарға ерекше әсер етеді. Қызығушылар, иемденуге әрекет етушілер аз болмаған. Жорық, саяхат жасаушылар жиі кездескен. Оған Дарийдің, Кирдің, Ескендір Македонскийдің жорықтары дәлел. Жергілікті тайпалар жауларына соққы беріп, тәуелсіздігін қорғап ірі мемлекеттік бірлестіктер құрған. Сыр өңірінің ақ-массагеттері, қаңлылары туралы аңыз әңгіме, тарихи деректер баршылық.

Сыр өңірінде пайда болған оғыз-қыпшақ мемлекеттерінің тарихы да айтарлықтай. Біз көне қалалар мен қолөнердің даму тарихынан ерекше орын аламыз. 40 астам асар мекендеріміз тек сыр өңіріне тән құбылыс. Бұл сияқты аймаққа шоғырлануы Қазақстанның басқа облыстарының көне тарихында кездеспейді. Қала-мекен салу, оларды жиі орналастыру шаруашылықтың деңгейін, қол өнердің ерекше дамығандығын, өріс алғандығын көрсетеді. Қалаларымыздың дамуына ""Ұлы Жібек жолы да әсерін тигізді. Бұл сауда жолының батыс пен солтүстікке баратын Сыр бойын жағалап, Аралдың оңтүстік-шығысымен Ресейге қатынады.

Керісінше, терістік –батыстан келген саудагерлер Жанкент, Жент, Баршыкент, Сығанақ, Өзгент, Сауран арқылы қытай, ауған, парсы елді мекендеріне шығып отырды. Сыр өңірі тоғыз жолдың торабына айналды.

Жібек жолындағы Сыр қалалары арасында Сығанақтың шоқтығы ерекше.

Сығанақ қаласы туралы алғашқы дерек Xғ жазбаша деректерінде айтылған, ал XI ғ оны Махмұт Қашқари оғыз қалаларының ішінде атап өткен. XIIғ Сығанақ қыпшақ мемлекеттерінің астанасы болды. XIII ғ тарихшы Джувейни де моңғолдарға көрсеткен қарсылығы үшін қаланың 1220 ж талқандалуының суреттемесі бар. Сығанақ 7 күн бойғы шабуылдан кейін ғана алынып, тұрғындарын түгелдей қырып салған. Талқандалғанына қарамастан Сығанақ XIII ғ ортасында қайта салынды. Біртіндеп қала қайтадан Сырдария өңіріндегі ірі саяси және экономикалық орталыққа айналды.

XIV ғ Сығанақ Ақ Орданың астанасы болды. Онда мешіттер, ханак, басқа қоғамдық ғимараттар салынды, әсіресе, Ерзан хан мен Орыс хан тұсында өрістей түседі.

XV ғ. 20 жылдарында қала Ұлықбектің қарауында болған, ал 1446 жылы қаланы Абулхайыр хан биледі. 1480 жылдары қаланы Мұхаммед Шайбани билесе, одан соң қазақ ханы Бұрындық иемденді. Содан кейін қолдан қолға ауысып отырған Сығанақ XVI ғ аяғынан қазақ хандығының қол астына өтті.

Рузбухан XVI ғ Сығанақты былай суреттейді: " Сығанақ жайқалып тұрған қала... үй-жайлар және өңделген бау-бақшалармен қоршалған, азық-түлікке бай және қазақ халқы үшін маңызды сауда орны. Түркістан аймақтары мен Мавереннахрдан, шығыстан бастап Қашқар, Хотан шекараларынан келген саудагерлер Сығанаққа сол жерлердің тауарларын алып келіп, Дешта (Дашта) елдермен жасаған байланыс "Сығанақ өзінің архитектуралық ескерткіштерімен, әсіресе Көк кесене мавзолейімен белгілі болған. Зерттеушілердің пікірі бойынша, бұл мавзолей- Әбілхайырдың қабірі, ал оның немересі Шайбанихан XV ғ патшалығын құлатқан.

Осы маңда Сығанаққа сөзсіз сәйкес келетін Сунақ-ата атты қала қалдығы бар. Ол Төмен – арық темір жол станциясынан солтүстік-батысқа қарай 20 км жерде. Автомобиль трассасынан 1,5 шақырым оңға қарай орналасқан Сығанақ қаласының маңайында басқа да мекендер болған. Оларды толық зерттеу келешектің міндеті (осыған байланысты қосымша дерекке көңіл бөлейік) Облыс туралы археологиялық деректерді мынадай еңбектерден алып танысуға болады.

394963

Ө. Тәжібаев атындағы  
Қызылорда облыстық  
Әмбебап ғылыми  
кітапханасы

1. Карл Байпақов пен Аралбай Нұржановтың Ұлы Жібек жолы және Орта ғасырлық Қазақстан

2. С.П. Толстов-Древний Хорезм, М., 1948

3. С.П. Толстов- По древним дельтам Окса и Яксарта, М., 1962

4. С.П. Толстов, М.А. Итина – Саки низовьев Сырдарьи, СА. 1996, 2, стр. 151-175

5. О.А. Вишневецкая, М.А. Итина- Ранниесаки Приаралья. М.И.А., М., 1971

6. С.П. Толстов- Древний Хорезм

7. Л.М. Левина- Джетыясарские склепы / Низовья Сыр-Дарьи в древности/ В.2., М., 1993

8. П. Агапов, М.Кадырбаев- Сокровища Древнего Казахстана, А., 1979

Көптеп зерттеушілер Сығанақ пен Сунақты бір қала десе К. Байпақов екеуін екі бөлек зерттеп "Сәйкес келетін қала" деп мекендерін екі түрлі көрсетті<sup>1</sup>.

Жоғарыда біз келтірген дерек маңайда басқа мекендер мен қолөнер ошақтарының болғандығы ақиқат дәлелдейді.

Сыр өңірі Қазақстандағы ақша айналымының шыққан жері Сығанақ, Жанкент, Жент, Сауранның қола, мыс, күміс, теңге, дирхамдары біраз аймақтарға тараған, басқа елдерден табылған. Бұл Сыр елінің тағы бір ерекшелігі.

Сыр бойы мен Арал аймағының жеріне қызыққан мемлекеттер, империя басшылары жаулауға тырысқан, барлаушылар, саяхатшылар, өкілдер, керуендер жіберген. Олардың мәліметтері шар-тарапқа жайылды. Осы пікірді келген-өткен жаулаушылардың Арал мен Сырдарияға берген атауларынан да көруге болады.

Арал теңізін дайлар (дахилар) мекендеген кезде Меотидо теңізі десе кейіннен Сақ теңізі, Хорезм теңізі, Жент теңізі, Кердері теңізі, Көк теңіз, кейінгі дәуірде Арал теңізі деп атайды.

Сырдарияның оннан астам атауы бар.

1. Сақ дәуірінде өзенді Яксарт деп атаған

2. Көне гректер Laхartes (Лахартес)

3. Римдіктер- Оих

4. Арабтар-Сейхун, Сайхун, Сигун

5. Парсылар-Хуженд, Хужана, Хожден, Дарий

6. Қытай деректері- Е-оңтүстік Қазақстан жерінен өтетін өзен

7. Оғыз-қыпшақтар-Инжу-үгіз деп атаған

Сонымен қатар Сырға Шаш өзені, Женд өзені, Жаман-Сыр деген атақтар да берген. Бұл атауларды біз көне тарихтың бізге қалдырған хаты деп бағалауымыз керек.

Сырдария бр кезде Каспий теңізіне құйған. Оны Тоша деп те, Гүл Заруин деп те атаған деген деректер кездеседі. Қызылорда облысының жер-су, мекен аттарын тарихтың бізге қалдырған хаты деп бағалауымыз керек. атаулар негізінен әр замандарда орын алған елеулі тарихи оқиғаларды немесе жеке атаулар табиғи жағдайларды баяндайды.

Басқа халықтар, елдер өкілдері қалдырған атаулар да баршылық. Олардың көпшілігін тұрғындар, әсіресе жастар білмейді, сондықтан оларға түсініктеме беріп жариялау дұрыс болар еді.

1919 жылға дейін Перовск уезінде

1. Царская волость-Сабалақ
2. Масловская волость- Жалағаш
3. Голочевская волость-Аққыр
4. Гродековский волость-Сұлутөбе
5. Скабелевская волость-Сорқұдық
6. Туған-Барановский- Тартоғай т.б. атаулар алды

Қазір қайта өзгерістер жүргізуде. Әуестенушілік де жеткілікті.

Бұлардың барлығын реттеп тарихына сай, халықтың тілегіне, салты әдет-ғұрпына сай реттеу керек.

Сыр тарихының тағы бір ерекшелігі Жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық күресте жерінен, мал-мүлкінен айрылған қазақ ауылдарына қалқан болады.

Суы, қамысы, тоғайы, қызыл құмы табиғи қорғаныс болды. (карта, сурет)

Сыр елі мұсылман дінінің ошағы. Осы жер бүкіл қазақ еліне ислам дінін таратуда ерекше орын алған. Мектеп, медресе ашу, мешіт салып, дінді жүйелі тарату Сыр өңірінен өріс алды.

Арыстан-баба (Ақпай), Сунақ-ата, Қорасан-ата т.б. соның куәсі.

Сыр бойы Қорқыт ата мекені. Оның түркі елдерінде паш болған атағы мәнісі ерекше.

Біз ХХ ғ. Ерекше ауыр тарихты бастан кештік. Үш революциядан өттік. Әсіресе бізге (Перовск уезіне) 1918-19 жж ерекше ауыр тиді. Ол уездік совдептің төрағасы Гержодтың атына байланысты қанішер жендет Кеңестік партияның атынан мыңдаған азаматтарымызды сотсыз, жазықсыз аттырды. Бұл қанды қырғын 1920 ж, 1932-33 жж ашаршылыққа, Голощекин геноцитіне, 1937-38 жж зұлматты жылдармен жалғастырды.

1941-45 жж сұрапыл соғыс қаншама азаматтарымыздың өмірін дегеніне жеткізбей қыршын қиды. Мүтедек болып арманына жетсе алмай, аурумен өмір кешкені қанша? 1951-52 жж ұлы державалық өктемдік, "Қазақ ұлтшылдығы" деп айыптау салдарынан сотталған,

жер аударылған зиялы интеллигенция, 1986 ж желтоқсандағы жазықсыз зорлық көріп, қансыраған жастардың тағдыры тіліміздің, әдет-ғұрпымыздың дініміз бен діліміздің мүшкі жағдайы, т.б. орталықтың озбырлығын көп көрдік. Енді егеменді е болып, дербес даму жолына түстік. Сондықтан біз өткен тарихымызды толық жинастырып жазып, осы кезеңнің міндеттері іс-жүзіне асырып, келешегімізді болжау-айқындауда тарих өлкетану ерекше орын алады.

Бұл салада Сыр өңірі мен Арал аймағының тарихы өте ба және құнды. Алдымызда күрделі міндеттер тұр. Олар:

1. Көне мекендер мен ерте замандағы қалалардың орындары сақтау және жан-жақты зерттеу

2. тарихи және мәдени ескерткіштерді сақтау

3. жер-су, көл, қырат-төбе, жайлым, тоғай, қана құдықтардың көне аттарын қалпына келтіру, зерттеу

4. ономастикалық, диалектологиялық зерттеулер жүргізу

5. Қызылорда ауылдарында көп өзгеріске ұшырамай кел жатқан тұрмыс-салт, дәстүрлі әдет-ғұрыптар баршылық, олардың байырғы атаулары, өту жүйесі, тәртібі сақталған. Бізді жыр ел дейді, осыларды жандандыру, сақтай отырып, келешек ұрпаққа жеткізу мәселесі тұр.

6. біз дінді, мұсылманшылықты қазақ даласына таратушы аймақпыз. Бұл саладағы жұмыс өз алдына бір төбе.

7. археологиялық, этнографиялық, диалектологиялық, ономастикалық экспедициялар шығарып, материалдар жинастыруымыз керек. Бұл жұмыста мұражайлар ерекше орын алу керек.

8. Біз облысымыз туралы көне жазба және материалдық деректерді жинастыруға ерекше мән бергеніміз жөн. Бұл салада Қорқыт Ата туралы зерттеулер кезек күттірмейтін шара.

Қорқыт кесенесін халықаралық саяхатшылар орталығына айналдырғанымыз жөн болады. ол үшін Қорқыт Атаның тарихи-мәдени комплексін жеделдетіп құру керек. Ұлттық тарих жылымыз- 1998 жылды облыстың 60 жылдығы мен Қызылорда қаласының 180 жылдығын ойдағыдай өткізуге үлес қосуға шақырамын.

## **Ежелгі Сыр өңірі.**

### **1. Тас, қола және темір дәуірлерінің сілемдері**

Осы кездегі Қазақстан аумағында алғашқы адамдар қауымы өмір сүрген бе? Бұл сұраққа жауап беруге ғылымның көп уақытқа дейін

мүмкіндігі болмағаны белгілі. Палеолит дәуірінің зерттеуші ірі маманы Г.П.Сосновский 1848 жылы тастан жасалған еңбек құралдары мен жануарлардың сүйектерін тапқан соң, "Қазақстан жерінде ерте мәдениет қалдықтарын табуымыз әбден мүмкін" деген тұжырым жасады.

Қазақстан археологтарының тапқан олжалары бұл болжамды дәлелдеп берді. Атақты археолог Х.А.Алпысбаев Оңтүстік Қазақстаннан алғашқы адамдардың тұрақтарын тапты. Бұдан кейін басқа тұрақтар бірінен соң бірі табыла бастады.

Оңтүстік Қазақстанда алғашқы адам шамамен осыдан жарты миллион жыл бұрын пайда болған. Ертедегі адамға табиғат дайындап қойған өмір жолынан өту қиынға түсті. Ол ондаған жылдар бойы өмір үшін күресті. Қалай болғанда да өзінің еңбек құралдарын жетілдіру арқылы алға жылжыды. Қазақстанның көп жерінен табылған тастан жасалған құралдар (Алғабас, Шақпак, Үшбұлақ, Батпак-8,32, Қосмола, Қызылжар-3) тасты өңдеу техникасындағы осындай үлкен прогресті дәлелдейді.

Мустьер уақытындағы ертедегі адамдарды неандерталдық деп атау қабылданған. Олардың шель-ашель заманындағы өткен ұрпақтарынан сыртқы бейнесі өзгеше екенін байқау қиын емес. Антропологтар неандерталдықтар мен бұрынғы адамдардың бас сүйегін салыстыру арқылы оның әлдеқайда дамыған тіршілік иесі екенін анықтаған.

Ежелгі адам өзінің дамуында бірнеше кезеңдерден өтті. Бұл кезеңдердің негізінде тас өңдеу техникасының жетілуі және осыған байланысты еңбек өнімділігінің, материалдық және рухани мәдениетінің өсуі жатыр. Қазақстанның ежелгі тарихының ескерткіштері жөніндегі сипаттама екі дәуір-ежелгі палеолит пен соңғы палеолит жайында берілген. Қазақстан аумағында ежелгі адамның қазынды қалдықтары әзірге табылған жоқ. Алайда, Оңтүстік аудандардағы палеографиялық жағдай ежелгі адамның өмір сүруі үшін қолайлы болғандығы айқын. Оңтүстік Қазақстаннан табылған дәрекі тас қарулар да осыны айғақтайды.

Тас дәуірі Қазақстан жерінде біздің дәуірімізге дейін 800 мыңыншы жылдыққа дейін созылды деген пайымдауға сүйене, қолдағы бар археологиялық деректер бойынша (Қаратау бойынан табылған шель-ашель уақытымен үйлес құрал жабдықтары) Африка, Үндістан, Қытай жерлерінде адам мекендеген кезде Оңтүстік Қазақстанда да адамдар тіршілік еткенін меңзейді.

Сарысу өзені аймағындағы Қосмола, Қызылжар мекендеріне табылған тас ғасырына (палеолит) тән казындылар бұл өңірде адамдар ұрпағының сол кезеңдерде өмір сүргендігін дәлелдейді.

Қазақстан аумағында нағыз адамдық өмірге көшумесипатталатын жаңа тас ғасыры (неолит) дәуірінің ескерткіштері көп табылған. Оның ішінде Оңтүстік Қазақстандағы Қаратаудың оңтүстік беткейіндегі осы аттас өзеннің жағалауынан және Қызылорда облысындағы Сексеуіл станциясы маңындағы табылған қоныстар орындары жаңа тас ғасырынан көп мағлұматтар береді.

Жаңа тас ғасыры (неолит) біздің заманымызға дейінгі 5 ғасырдан басталады. Бұл тасты пайдаланудың неғұрлым жетілдірілген кезі еді. Тас балталар, жер жыртатын, дән үтетін құралдар жасалды. Аю, бұғы, қабан, арқар, қоян, борсық ауланды. Қаратау баурайынан табылған ошақтар менен жануарлардың сүйегінің қалдықтары осыны аңғартады. Жаңа тас ғасырының ескерткіштері Сырдария өзенінің ескі арналары бойынан көптеп кездеседі. Тарихи-мәдени жағынан карағанда бұл аймақтың ескерткіштерінің Келтеминарлық мәдениетке де, оңтүстік Шығыс орал мен Аралдың шығыс өңірінің неолит мәдениетіне де үндестігі бар.

Жалпақ қойнауынан алты тұрақ табылды, олардан жапсырмалы керамиканың сынықтары және кварциттен жасалған құралдар жиналды. Балшықтан жасалған ыдыстардың көбі- мойны бар ірі қыш құмыралар мен дөңгелек тостағандар. Ыдыстардың жоғарғы жағы тісті қалыппен басылған және сызып жасалған қарапайым өрнекпен безендірілген. Кварцит бұйымдардың арасында үстінгі жағы мұқалған, шеті қисайған сыналар, оймағы бар пышақ тәрізді пластинкалар, қырғыштар көп.

Қосмола-4 және қосмола-5 тұрақтарында шақпақ тас, кварциттен жасалған құралдар, өңделмеген пышақ тәрізді қалақтар және балшықтан жасалған өзгеше үлгідегі ыдыс жиналды. Бұл ыдыс ірі күм қосылған балшықтан жұқа бүйірленіп жасалған, әжептәуір жақсы күйдірілген, тегістелген, өрнегі жоқ дерлік, мұның өзі неолит үшін сирек құбылыс болып табылады. Тұрақта дөңгелек тостағандар мен кейде ішіне қарай иілген мойны бар құмыралардан басқа төрт бес науаның қалдықтары кездесті. Олар біздің заманымыздан бұрынғы III мың жылдықтың бірінші жартысының орта шеніне жатады. Егер Қосмола-4 және Қосмола-5 тұрақтарын сол уақытқа жатқызсақ, бұлар Сырдария өзенінің ежелгі алқабындағы қазіргі кезде белгілі болған ескерткіштердің ішіндегі өте ертедегі ескерткіш